«Ғажайып Әлем» бөбекжай бала бақшасы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өртке қарсы жай-күйі туралы

АНЫҚТАМА

Қазақстан Республикасы Баспрокуратурасы Түркістан қаласы прокуратурасының 2024 жылғы 30 сәуірдегі №7241951260100___ қаулысына сәйкес Түркістан қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының инженері азаматтық қорғау аға лейтенанты Убайдиллаев Бағлан Бахытбекович, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Қ. Рысқұлбеков көшесі №64 мекен жайда **«Ғажайып Әлем ясли-детский сад» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің** қатысты өрт қауіпсіздігі саласында жоспардан тыс тексеру жүргізілді.

Нысанның сипаты.

Балабақша ғимараты 2010 жылы салынған, жалпы жер көлемі 0,2500 га, ғимарат 1 қабатты, 366,1 м2 құрайды.

Нысан қабырғалары күйінді блоктан шлакоблок, іргетасы күйінді блоктан шлакоблок, арақабығалары күйген кірпіш, аражабындысы күйінді блоктан шлакоблок, шатыр 1 жаппалы 1-ші темірбетон плита.

Жылыту қазандығы автаномды табиғи газ, Электр кернеуі 220 В.

Ішкі өрт сөндіру краны қарастырылмаған, Алғашқы өрт сөндіру құралдары маркасы 5 дана ОП-5.

Мектеп 2017 жылы пайдалануға берілген, 1 қабатты *(125 балаға арналған)* қазіргі таңда 125 бала бар.

Осылайша, өрт қауіпсіздігі саласындағы 2024 жылғы 30 сәуір мен 10 маусым аралығында жүргізілген инспекторлық тексеру нәтижесімен бірқатар бұзушылықтар анықталды, атап айтқанда:

1. Балабақша кезекші персоналының үй-жайларында орналасқан орындарында телефондардың, өрт қауіпсіздігі шаралары туралы нұсқаулықтары және жақын орналасқан өртке қарсы қызметтің «101» және біріңғай кезекші-диспетчерлік қызметтің «112» телефон нөмірлері көрсетілген тақтайшалардың ілінбеген. ***Негіз: Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 21.02.2022 ж. №55 бұйрығының 10 тармағы.***

2. Ғимаратта өрт болған жағдайларда адамдарды жедел эвакуациялауға жоспары талапқа сай жасалмаған. ***Негіз: Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 21.02.2022 ж. №55 бұйрығының 12 тармағы және Қағиданың 2-қосымшасы.***

3. Балабақша басшысының адамдар жаппай болатын объектілерде, жарты жылда кемінде 1 рет еркін нысанда жүргізілетін жаттығулар журналында көрсете отырып, практикалық жаттығуларды жүзеге асырылмаған. ***Негіз: ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 21.02.2022 ж. №55 бұйрығымен бекітілген өрт қауіпсіздігі қағидасының 14-тармағы.***

4. Ғимарат (құрылыс) ішіндегі адамдарға эвакуациялық шығу есіктеріндегі тиектердің ішінен кілтсіз еркін ашу мүмкіндігін қамтамасыз ету ***Негіз: ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 21.02.2022 ж. №55 бұйрығымен бекітілген өрт қауіпсіздігі қағидасының 34-тармағы.***

5. Өрт автоматикасы жүйелері мен қондырғыларын жұмысқа жарамды жағдайына тиісті дайындықтан өткізетін арнайы мамандандырылған ұйымдармен шарт

бойынша техникалық күтім және жоспарлы алдын ала жөндеу жұмыстары жүргізуді ұйымдастырылмаған. ***Негіз: ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 21.02.2022 ж. №55 бұйрығымен бекітілген өрт қауіпсіздігі қағидасының 65 –тармағының 3-тармақшасы.***

6. Балабақшаның шаршы метіріне сәйкес алғашқы өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз етілмеген. ***Негіз: ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 21.02.2022 ж. №55 бұйрығымен бекітілген өрт қауіпсіздігі қағидасының 18-тармағы.***

7. Ғимаратта орнатылған өрт дабылы қондырғыларының, өрт кезінде адамдарды құлақтандыру және эвакуациялауды басқару жүйелері ақаусыз жұмыс жағдайында ұсталмаған; ***Негіз: Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы ҚР Төтенше жағдайлар министрінің 21.02.2022 ж. №55 бұйрығының 6- тармағы.***

Түркістан қаласы Төтенше жағдайлар басқармасының инженері
азаматтық қорғау аға лейтенанты **Б. Убайдиллаев**

«Ғажайып Әлем ясли-детский сад» ЖШС меңгерушісі **А. Тілепбаева**